

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі
(ҚР Президентінің 06.08.2014 ж. N 875 Жарлығымен құрылды)

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 246 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 сәуірде № 10848 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2018 жылғы 25 мамырдағы № 393 (2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Министерство по инвестициям и развитию Республики Казахстан

Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.05.2018 № 393 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 32-4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидалары бекітілсін;

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (Б.Қ.Нұрабаев):

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімдік баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы шаруашылық жүргізу құқығындағы



республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының тармақтың 1), 2), және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі**

Ә. Исекешев

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ В. Школьник
2015 жылғы «16» наурыздағы

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 27 ақпандағы
№ 246
бұйрығымен бекітілген

**Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік
кадастрын жүргізу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 32-4) тармақшасына сәйкес әзірленген Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын (бұдан әрі - мемлекеттік кадастр) жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік кадастрды жүргізу Жер қойнауының мемлекеттік қорының жағдайын есепке алу жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Мемлекеттік кадастрды Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүргізеді.

**2. Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік
кадастрын жүргізу тәртібі**

4. Мемлекеттік кадастр осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының техногендік минералдық түзілімдерін мемлекеттік кадастрмен есепке алу паспорттары (бұдан әрі - Паспорт) түрінде ресімделетін, жүйеленген, кезеңділігімен толықтырылатын және нақтыланатын біріздендірілген қысқаша мәліметтердің жиынтығын білдіреді.

Мемлекеттік кадастр сақтаудың сандық және сапалық көрсеткіштері, тау-кен техникалық және экологиялық жағдайлары көрсетіле отырып, техногендік минералдық түзілімдердің типтері мен түрлерін сипаттайтын қоймалау объектісі бойынша мәліметтерді қамтиды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.11.2017 № 811 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Техногендік минералдық түзілімдер мемлекеттік кадастрда есепке алуға жатады.

6. Паспорттарды меншік нысанына және жұмыстарды қаржыландыру көздеріне қарамастан, жыл сайын барлық жер қойнауын пайдаланушылар:

1) кен орындарын игеру кезінде қалдықтар жинақталған, пайдалы қазбалар байытылғанда және минералдық шикізатты металлургиялық тұрғыдан бөлген;

2) игерудің жаңа технологиялық жобалары бекітілген жағдайда жасайды.

Жер қойнауын пайдаланушы паспортты төрт данада жасайды және жыл сайын 15 ақпаннан кешіктірмей бастапқы есепке алу материалдарына негізделген жер қойнауының жай-күйі туралы геологиялық есептіліктің арнаулы нысандарын уәкілетті органға ұсынумен бір уақытта; екеуін - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің геология және жер қойнауын пайдалану өңіраралық департаментіне (бұдан әрі - ӨД), үшіншісін - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жібереді, төртіншісін жер қойнауын пайдаланушы өзінде сақтайды.

ӨД паспорттарды тексергеннен кейін бір данасын уәкілетті органға жібереді.

7. Уәкілетті орган келіп түскен Паспорттарды мемлекеттік кадастрге енгізеді және:

1) мемлекеттік кадастрдың материалдарын жинауды, есепке алуды, жүйелеу мен сақтауды;

2) мемлекеттік кадастрдың деректерін өңдеудің автоматтандырылған жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

8. Егер меншік құқығы ұйымға (жер қойнауын пайдаланушыға) тиесілі техногендік минералдық түзілімдерді қоймалау (сақтау) объектісінде меншік құқығы мемлекетке тиесілі техногендік минералдық түзілімдер орналасқан болса, ұйымдар (жер қойнауын пайдаланушылар) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бөлу балансын Төлқұжатқа қоса береді.

Ескерту. Қағидалар 8-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.11.2017 № 811 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Техногендік минералдық түзілімдердің
мемлекеттік кадастрын жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

*Ескерту. Қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда -
ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.11.2017 № 811 (алғашқы ресми
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
бұйрығымен.*

Бекітті _____

Аты-жөні, лауазымы _____

қолы күні

М.О.

Қазақстан Республикасының
техногендік минералдық түзілімдерін
мемлекеттік кадастрмен есепке алу

П А С П О Р Т Ы

№ _____

Есепке алу объектісі _____

Құрастырды _____

Аты-жөні, лауазымы қолы күні

Тексерді _____

Аты-жөні, лауазымы қолы күні

Ұйымның атауы (жер қойнауын пайдаланушы)

ПАСПОРТТЫ ҚАБЫЛДАУ

Мекеме	Аты-жөні	лауазымы	қолы	күні
Аумақтық орган	.			
РГАО				

Есепке алу объектісінің схемалық картасы

Географиялық координаттар:

Масштаб:

001. Сақтаудың тау-кен техникалық талаптары

Негіздің сипаттамасы			Характеристика дамбы			
Жыныс түрі	Су өтушілік	Физикалық-механикалық құрам	Жыныс түрі	Параметрлер		Физикалық-механикалық сипат
				Негіз ені, км	Тігінен енні, км	
01	02	03	04	05	06	07

002. ТМТ жинаған ұйым

Ұйымның атауы	Кеніш, фабрика, зауыт, артель
01	02

003. Жер қойнауын пайдалану ұйым

Ұйымның атауы	Кеніш, фабрика, зауыт, артель
01	02

004. Әкімшілік жағдай

Облыс	Аудан	Қала, кент
01	02	03

005. Жақын магистральға дейінгі қашықтық

Автокөлік жолы, км	Теміржол, км	Кемежай, км	Электрді тарату желісі, км
01	02	03	04

006. Есепке алу объектісі

ТМТ түрі	Объектінің атауы	Бастапқы шикізат	Түзілу талаптары	Қашықтық, км	Түзілу кезеңі, жыл	
					басы	аяғы
01	02	03	04	05	06	07

007. Объектінің параметрлері

Ұзындығы, км	Ені, км	Биіктігі, км	Алаң, шаршы км	Есепті жылдағы өндіріс қалдықтарының жылдық шығысы, мың т
01	02	03	04	05

Кестенің жалғасы

Паспортты жасаған сәтте		1992 жылға дейін		1992 жылдан кейін		Шығыс, мың т	
Көлем, мың текшеметр	Масса, мың т	Көлем, мың текшеметр	Масса, мың т	Көлем, мың текшеметр	Масса, мың т	Алдыңғы жылға	Барлығы
06	07	08	09	10	11	12	13

008. Кен орнының бастапқы шикізатының сиятын және аршу жыныстарының петрографиялық және литологиялық құрамы

ТМТ көзі болып табылатын кен орнының генетикалық түрі	ТМТ көзінің минералдану сипаты		Сиятын жыныстар	Аршу жыныстары
	негізгі	ілеспе		
01	02	03	04	05

009. ТМТ гранулометриялық құрамы мен физикалық-механикалық сипаты

Пайдалы қазбалар	Саны, %	Қаттылық,	Ылғалдылық, %	Көлемдік салмағы, г /см3	тығыздық, г /см3	Ірілік кластары, %				
						07	08	09	10	11
01	02	03	04	05	06	07	08	09	10	11

010. Минералдық құрам

Кен минералдары	Кен емес минералдар
01	02

011. Химиялық құрам

Кен компоненттері					Силикаттық бөлік			
Атауы, нышан	Құрамы, %			Қорлар, мың т	Атауы, нышан	Құрамы, %		
	ең төменгі	ең жоғарғы	орташа			ең төменгі	макс.	среднее
01	02	03	04	05	06	07	08	09

012. ТМТ сақтаудың гидрогеологиялық талаптары

Құрғақ	Ішінара құрғатылған	Суланған	Жүзетін аймақтардың барлығы
01	02	03	04

013. ТМТ зерттелу деңгейі

Кім және қашан зерттеді	Есеп материалының атауы	Объектінің зерттелген параметрлері мен олардың сатылары
01	02	03
		а) Геологиялық барлау және (немесе) экологиялық химиялық жұмыстар
		б) Қайта өңдеу технологиясын әзірлеу
		в) Тәжірибелі жұмыстар
		г) Жобалау және (немесе) құрылыс жұмыстары

014. Қоршаған ортаның сипаттамасы

ТМТ орналасуының климаттық талаптарының сипаттамасы			Қоршаған ортаның жай-күйінің фондық параметрлері			
Желдің шапшаңдығы	Желдің жылдамдығы, м/сек	Жауын-шашын түсудің жиілігі	Радикация деңгейі	Жерүсті және жерасты суларының жай-күйі	Ауаның жай-күйі	Топырақтық жамылғының сипаты
01	02	03	04	05	06	07

015. ТМТ қоршаған ортаға экологиялық әсері

Жерді алу		Қоршаған ортаның ластануын бағалау			
Жердің түрі	Саны, шаршы шақырым	жерді	атмосфераларды	Жерүсті суларын	Жерасты суларын
01	02	03	04	05	06

016. Есепке алу объектісін нақты пайдалану

Есепке алу объектісі			Пайдалану					
Қал-дық-тар-дың атауы	Саны, мың т. және мың текше-метр	Жал-пы массасы-нан %	Пайда-ландудың бағыты	Өндіріс технологиясы	Саны, жылы-намың т.	Өзіндік құны, теңге /тонна-сына	Босатылатын баға, теңге /тонна-сына	Тұтыну
01	02	03	04	05	06	07	08	09

017. Кешенді пайдалану перспективалары

ТМТ-дегі пайдалы қазбалар	ТМТ өңдеудің және қайта өңдеудің мүмкін болар тәсілдері			ТМТ иеленген жерлерді қайта қалпына келтіру
	өнімнің атауы	өндіріс технологиясы	өнімді әлеуетті тұтынушылар	
01	02	03	04	05

018. Объект туралы дереккөздер

Құжаттың атауы	Құжаттың мазмұны	Автор	Хаттамалар №	Бекітілген жыл	Сақтау орны
01	02	03	04	05	06

Техногендік минералдық
түзілімдердің мемлекеттік
кадастрын жүргізу
қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. Қағидалар 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.11.2017 № 811 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

БӨЛУ БАЛАНСЫ

Есепке алу объектісі _____
Жасаған _____
тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы қолы күні _____
Тексерген _____
тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы қолы күні _____
Ұйымның (жер қойнауын пайдаланушының) атауы _____

1. Есептік, статистикалық, мұрағаттық деректерді қарау нәтижесі бойынша, пропорционалды бөлу әдісімен (қажетін таңдау) техногендік минералдық түзілімдердің көлемі мен саны төмендегідей бөлінді:

1) мемлекеттің меншігінде – көлемі _____ мың м³, массасы _____ мың т.;

Мемлекеттің меншігіндегі техногендік минералдық түзілімдер шекарасының бұрыштық нүктелерінің координаттары (графикалық қосымша: көрнекі масштабтағы жоспар мен қиық):

Бұрыштық нүктелердің координаттары Солтүстік ендік Шығыс бойлық гр. мин. сек. гр. мин. сек.;

Мемлекетке тиесілі техногендік минералдық түзілімдердің ауданы _____ км²;
(жазбаша жазылған сан)

2) ұйымның (жер қойнауын пайдаланушының) меншігінде – көлемі _____ мың м³, массасы _____ мың т.;

Ұйымның (жер қойнауын пайдаланушының) сақтауындағы техногендік минералдық түзілімдер шекарасының бұрыштық нүктелерінің координаттары (графикалық қосымша: көрнекі масштабтағы жоспар мен қиық):

Бұрыштық нүктелердің координаттары Солтүстік ендік Шығыс бойлық гр.
мин.

Техногендік минералдық түзілімдерге меншік құқығының туындау
негіздемесі _____

Ұйымға (жер қойнауын пайдаланушыға) тиесілі техногендік минералдық түзілімдердің ауданы
_____ км².

(жазбаша жазылған сан)